

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз арқылы жүк тасымалдау туралы 1978 жылғы конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 1190 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз арқылы жүк тасымалдау туралы 1978 жылғы конвенциясын ратификациялауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз арқылы жүк тасымалдау туралы 1978 жылғы конвенциясын ратификациялау туралы

1978 жылғы 31 наурызда Гамбургте жасалған Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз арқылы жүк тасымалдау туралы 1978 жылғы конвенциясы ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Конвенция

**БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ТЕҢІЗ АРҚЫЛЫ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ ТУРАЛЫ
1978 ЖЫЛҒЫ К О Н В Е Н Ц И Я С Ы**

(Гамбург, 1978 жылғы 31 наурыз)

А л ғ ы с ө з

Осы Конвенцияның тараптары - Мемлекеттер,
Жүкті теңіз арқылы тасымалдауға қатысты кейбір ережелерді келісім арқылы
белгілеу ниетін мойындай отырып,

Осы мақсатта Конвенция жасасуға шешім қабылдады және сондықтан да төмендегілер туралы келісті:

I бөлім. Жалпы ережелер

1 - б а п .

А н ы қ т а м а л а р

О с ы К о н в е н ц и я д а :

1. "Тасымалдаушы", онымен немесе оның атынан жүк жөнелтушімен теңіз арқылы жүк тасымалдау шарты жасалған кез келген тұлғаны білдіреді.

2. "Нақты тасымалдаушы" тасымалдаушы жүк тасымалдауды немесе тасымалдың бір бөлігін жүзеге асыруды тапсырған кез келген тұлғаны білдіреді және осындай тасымалды жүзеге асыру тапсырылған кез келген тұлғаны қамтиды.

3. "Жүкжөнелтуші" онымен немесе оның атынан немесе тұлғасынан тасымалдаушымен теңіз арқылы жүк тасымалдау шарты жасалған кез келген тұлғаны, немесе теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес ол немесе оның атынан немесе тұлғасынан жүк тасымалдаушыға нақты тапсырылатын кез келген тұлғаны білдіреді.

4. "Жүк алушы" жүкті алуға уәкілеттендірілген тұлғаны білдіреді.

5. "Жүк" тірі жануарларды қамтиды; тауарлар контейнерлерге, паллетте немесе тасымалдауға арналған ұқсас құралдарға біріктірілген немесе олар буып-түйілген жағдайда, егер жүкжөнелтуші оларды ұсынса, "жүк" тасымалдау немесе буып-түйюге арналған осындай құралды қамтиды.

6. "Теңіз арқылы тасымалдау шарты" соған сәйкес тасымалдаушы жалдау ақысы үшін теңіз арқылы жүк бір порттан екінші портқа тасымалдауға міндеттенетін кез келген шартты білдіреді; дегенмен, теңіз арқылы, сондай-ақ қандай да болмасын өзге әдіспен тасымалдауды қамтитын шарт теңіз арқылы тасымалдауға оның қаншалықты қатысы болған дәрежеде де ғана осы Конвенция мақсаттары үшін теңіз арқылы тасымалдау шарты болып қаралады.

7. "Коносамент" теңіз арқылы тасымалдау шартын және тасымалдаушының жүкті қабылдағанын немесе тиегенін растайтын және соған сәйкес тасымалдаушы осы құжаттың орнына жүкті тапсыруға міндеттенетін құжатты білдіреді. Құжатта жүктің аталған тұлғаның бұйрығына немесе бұйрығына, немесе ұсынушыға тапсырылуы тиіс екендігі туралы нұсқау осындай міндеттемені білдіреді.

8. "Жазбаша нысан" өзгелермен қатар жеделхат пен телексты қамтиды.

2 - б а п .

Қ о л д а н у а я с ы

1. Осы Конвенцияның ережелері әртүрлі екі мемлекет арасындағы теңіз арқылы тасымалдау шарттарының барлығына қолданылады, егер:

а) теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген тиеу порты Уағдаласушы мемлекеттердің бірінде орналасса, немесе

б) теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген түсіру порты Уағдаласушы мемлекеттердің бірінде орналасса, немесе

с) теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген түсірудің опциялық порттарының бірі нақты түсіру порты болып табылса және осындай порт Уағдаласушы мемлекеттердің бірінде орналасса, немесе

д) теңіз арқылы тасымалдау шартын растайтын коносамент немесе басқа құжат Уағдаласушы мемлекеттердің бірінде берілсе, немесе

е) теңіз арқылы тасымалдау шартын растайтын коносамент немесе басқа құжат шарттың осы Конвенцияның ережелерімен немесе оларды қолданысқа енгізетін кез келген мемлекеттің заңнамасымен реттелуі тиіс екендігін көздесе.

2. Осы Конвенцияның ережелері кеменің, тасымалдаушының, нақты тасымалдаушының, жүкжөнелтушінің, жүк алушының немесе кез келген басқа да

мүдделі тұлғаның ұлттық тиесілігіне қарамастан қолданылады.

3. Осы Конвенцияның ережелері чартерлерге қолданылмайды. Дегенмен, коносамент чартерге сәйкес берілгенде, егер ол тасымалдаушы және кемемен жалданушы болып табылмайтын коносамент иесі арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін болса, Конвенция ережелері осындай коносаментке қолданылады.

4. Егер шартта жүкті келісілген кезең ішінде бірнеше тиеулермен тасымалдау көзделсе, осы Конвенцияның ережелері әрбір артуға қолданылады. Дегенмен, арту чартер негізінде жүзеге асырылса, осы баптың 3-тармағының ережелері қолданылады.

3-бап. Конвенцияны түсіндіру

Осы Конвенцияның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде оның халықаралық сипаты және біркелкілікке қол жеткізуге ықпал ету қажеттілігі ескерілуі тиіс.

II бөлім. Тасымалдаушының жауапкершілігі

4-бап. Жауапкершілік кезеңі

1. Осы Конвенция негізінде тасымалдаушының жүк үшін жауапкершілігі жүк тиеу портында, тасымалдау уақытында және түсіру портында тасымалдаушының қарамағында болған кезеңді қамтиды.

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін:

а) жүк :

i) жүк жөнелтушіден немесе жүк женелтушінің атынан әрекет ететін тұлғадан; немесе

ii) тиеу портында қолданылатын заңға немесе ережелерге сәйкес оған жүк арту үшін тапсырылуы тиіс өзге үшінші тұлғаның қандай да болмасын органынан қабылданған сәттен бастап ;

б) ол :

i) жүкті жүк алушыға тапсыру арқылы; немесе

ii) жүк алушы жүкті тасымалдаушыдан қабылдамайтын жағдайларда - оны жүк алушының қарамағына шартқа немесе түсіру портында қолданылатын сауданың осы саласындағы заңға немесе әдетке сәйкес ұсыну арқылы; немесе

iii) арту портында қолданылатын заңға немесе ережелерге сәйкес оларға жүк тапсырылуы тиіс қандай да болмасын органға немесе өзге үшінші тұлғаға жүкті тапсыру арқылы жүкті тапсырған сәтке дейін жүк тасымалдаушының қарамағында болды деп есептеледі .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарындағы тасымалдаушыға немесе жүк алушыға сілтеме тасымалдаушы немесе жүк алушыдан басқа, сондай-ақ тиісінше тасымалдаушының немесе жүк алушының қызметшілерін немесе агенттерін білдіреді.

5-бап. Жауапкершілік негіздері

1. Егер жоғалу, зақымдану немесе кідіртуді тудырған жағдайлар **4-бапта** белгіленгендей жүк тасымалдаушының қарамағында болған уақытта орын алса, егер тасымалдаушы өзінің, оның қызметшілерінің немесе агенттерінің осындай жағдайлар

мен олардың салдарын болдырмау үшін орынды талап етілуі мүмкін барлық шараларды қабылдағанын дәлелдемесе ғана, жүкті жоғалту немесе зақымдау, сондай-ақ тапсыруды кідірту нәтижесі болып табылатын залал үшін тасымалдаушы жауапты болады.

2. Теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген түсіру портында, келісімде тікелей белгіленген мерзім шегінде немесе осындай келісім болмаған жағдайда-нақты жағдайларды ескере отырып жанашыр тасымалдаушыдан талап етілуі орынды мерзім шегінде жүк тапсырылмаса, тапсыруды кідірту орын алады.

3. Жүктің жоғалуы жөнінде талап жасауға уәкілеттендірілген тұлға осы баптың 2-тармағына сәйкес тапсыру мерзімі өткеннен соң 60 күнтізбелік күн шегінде 4-баптың талаптарына сай жүк тапсырылмаса, оны жоғалған деп есептей алады.

а) Тасымалдаушы мыналар үшін жауапты болады:

i) өртке байланысты жүктің жоғалуы немесе зақымдануы немесе тапсырылуын кідірту үшін, егер талапты мәлімдеген тұлға өрттің тасымалдаушының, оның қызметшілерінің немесе агенттерінің кінәсі бойынша туындағанын дәлелдесе;

ii) егер талапты мәлімдеген тұлға жүктің жоғалуы, зақымдануы немесе тапсырылуын кідірту өртті сөндіру және болдырмау немесе оның салдарын азайту үшін орынды талап етілетін барлық шараларды қабылдаған кезде, тасымалдаушының, оның қызметшілерінің немесе агенттерінің кінәсі бойынша болғанын дәлелдесе.

b) Өрт кеме бортындағы жүкке тиген жағдайда және талапты мәлімдеуші тұлға немесе тасымалдаушы осыны қаласа теңіз арқылы тасымалдау дағдысына сәйкес өрттің себептері мен жағдайлары жөнінде сюрверлік тексеру жүргізілуі тиіс, және тиісті есеп берудің бір көшірмесі тасымалдаушының немесе талапты мәлімдеуші тұлғаның өтініші бойынша оларға ұсынылуы тиіс.

5. Тірі жануарларды тасымалдауға қатысты тасымалдаушы осы тасымалдау түріне тән кез келген ерекше тәуекел нәтижесі болып табылатын жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту үшін жауапты болмайды. Егер тасымалдаушы оған жүк жөнелтуші жануарларға қатысты қойған арнайы нұсқаулықтарды орындағанын және осы жағдайларда жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту осындай тәуекелдер есебіне жатқызылуы мүмкін екендігін дәлелдесе, егер жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту толығымен немесе ішінара тасымалдаушының, оның қызметшілерінің немесе агенттерінің кінәсі бойынша болғанына дәлел болмаса, онда жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту осындай тәуекелдерден туындаған деп болжанады.

6. Жалпы авариядан басқадай, теңізде өмірін құтқару жөніндегі шаралар немесе мүлікті құтқару жөніндегі орынды шаралар нәтижесінде жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту туындаған жағдайда тасымалдаушы жауапты болмайды.

7. Тасымалдаушының, оның қызметшілерінің немесе агенттерінің кінәсі жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідіртудің туындауының басқа себептерімен үйлескен

жағдайда тасымалдаушы жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту тасымалдаушының, оның қызметшілерінің немесе агенттерінің кінәсіне байланысты дәрежеде ғана, тасымалдаушының жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідіртудің оның тарапынан болған кінәға байланысты емес мөлшерін дәлелдеуі шартымен, жауапты болады.

6-бап. Жауапкершілік шектері

1. а) **5-баптың** ережелеріне сәйкес жүктің жоғалуы немесе зақымдануы нәтижесі болып табылатын залал үшін тасымалдаушының жауапкершілігі орын немесе артудың басқа бірлігі үшін 835 есеп айырысу бірлігіне, не жоғалған немесе зақымдалған жүктің қай соманың артық болуына байланысты, бір килограмм салмағы үшін 2,5 есеп айырысу бірлігіне балама сомамен шектеледі.

б) **5-баптың** ережелеріне сәйкес тапсыруды кідірту үшін тасымалдаушының жауапкершілігі тапсыруы кідірілген жүк үшін төленуге жататын жалдау ақысының 2,5 еселенген сомасымен, бірақ теңіз арқылы тасымалдау шарты негізінде төленуге жататын жалдау ақысының мөлшерінен аспайтын сомамен шектеледі.

с) Осы тармақтың (а) және (б) тармақшаларының екеуінің негізінде тасымалдаушының жиынтық жауапкершілігі ешбір жағдайда да жоғалған жүкке қатысты осындай жауапкершілік туындаған, жүктің толық жоғалуы үшін осы тармақтың (а) тармақшасына сәйкес белгіленген шектеулерден аспайды.

2. Осы баптың 1(а) тармағына сәйкес анағұрлым жоғары соманы есептеу мақсаттары үшін мынадай ережелер пайдаланылады:

а) тауарларды біріктіру үшін контейнер, паллет немесе тасымалдауға арналған ұқсас құралдар пайдаланылса, онда коносаментте, егер ол берілсе, немесе теңіз арқылы тасымалдау шартын растайтын кез келген басқа құжатта аталған арту орындары немесе басқа да бірліктері тасымалдауға арналған осындай құралдарда буып-түйілген орындар немесе арту бірліктері ретінде қаралады. Жоғарыда көрсетілген айрықшалықтан басқа, тасымалдауға арналған осындай құралдардағы жүктер артудың бір бірлігі ретінде қ а р а л а д ы .

б) Тасымалдауға арналған құралдың өзі жоғалған немесе зақымдалған жағдайларда осы тасымалдауға арналған құрал, егер ол тасымалдаушының жекеменшігі болып табылмаса және ол ұсынбаса, артудың жеке бірлігі ретінде қаралады.

3. Есеп айырысу бірлігі **26-бапта** көрсетілген есеп айырысу бірлігін білдіреді.

4. Тасымалдаушы мен жүкжөнелтуші арасындағы келісім бойынша **1-тармақта** көзделгеннен асатын жауапкершілік шектері белгіленуі мүмкін.

7-бап . Шарттан тыс талаптарға қатысты қолдану

1. Осы Конвенцияда көзделген жауап берушінің қарсылықтары мен жауапкершілік шектері тасымалдаушыға теңіз арқылы тасымалдау шарты тарайтын жүктің жоғалуы немесе зақымдануы бойынша да, тапсыруды кідірту бойынша да кез келген талап-қуыным кезінде, осындай талап-қуынымның шартқа, деликтке немесе өзге де

құқықтық негізге негізделуіне қарамастан қолданылады.

2. Егер осындай талап-қуыным тасымалдаушының қызметшісіне немесе агентіне ұсынылса, осындай қызметші немесе агент өзінің қызметтік міндеттері шегінде әрекет еткенін дәлелдеп, осы Конвенцияға сәйкес тасымалдаушының өзі оларға сілтеме жасай алатын жауап берушінің қарсылықтары мен жауапкершілік шектерін пайдалануға қ ұ қ ы л ы .

3. 8-бапта көзделгеннен басқаны алып тастағанда, тасымалдаушыдан немесе осы баптың 2-тармағында айтылған кез келген тұлғалардан өндіріп алынуы мүмкін сомалар жиынтығында осы Конвенцияда көзделген жауапкершілік шектерінен аспайды.

8-бап. Жауапкершілікті шектеу құқығын жоғалту

1. Егер жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту тасымалдаушының не осындай жоғалту, зақымдану немесе тапсырудағы кідіртуді жасау ниетімен, не жауапсыздығы салдарынан және жоғалту, зақымдану немесе кідіртудің туындау мүмкіндігін түсіне отырып жасалған іс-әрекетінің немесе қателіктерінің нәтижесі болып табылғаны дәлелденсе, **6-бапта** көзделген жауапкершілікті тасымалдаушының ш е к т е у г е құ қ ы ғ ы ж о қ .

2. Егер жоғалту, зақымдану немесе тапсырудағы кідірту тасымалдаушы қызметшісінің немесе агентінің не осындай жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідіртуді жасау ниетімен, не жауапсыздығы салдарынан және жоғалту, зақымдану немесе кідіртудің туындау мүмкіндігін түсіне отырып жасалған іс-әрекетінің немесе қателіктерінің нәтижесі болып табылғаны дәлелденсе, **7-баптың 2-тармағының** ережелеріне қарамастан тасымалдаушы қызметшісінің немесе агентінің **6-бапта** көзделген жауапкершілікті шектеуге құқығы жоқ.

9 - б а п .

П а л у б а л ы қ ж ү к

1. Тасымалдаушының жүкті палубада тасымалдауға осындай тасымалдау жүкжөнелтушімен жасалған келісімге немесе сауданың осы саласындағы әдетке сәйкес келсе, не заңнамалық нормалар мен ережелер бойынша талап етілсе ғана құқығы б о л а д ы .

2. Егер тасымалдаушы мен жүкжөнелтуші жүк палубада тасымалдануы тиіс немесе мүмкін екендігі туралы келіссе, тасымалдаушы коносаментке немесе теңіз арқылы тасымалдау туралы басқа құжатқа бұл туралы нұсқауды енгізуге міндетті. Осындай нұсқау болмаған кезде жүкті палубада тасымалдау туралы келісім жасалғандығын дәлелдеу ауыртпалығын тасымалдаушы көтереді; дегенмен коносаментті адал сатып алған жүкжөнелтушіні қоса алғанда, үшінші тарапқа қатысты тасымалдаушының осындай келісім жасалғандығына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

3. Жүк осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан палубада тасымалданған жағдайларда немесе осы баптың 2-тармағына сәйкес тасымалдаушы жүкті палубада тасымалдау туралы келісімге сілтеме жасай алмағанда, тасымалдаушы **5-баптың 1-тармағының** ережелеріне қарамастан жүкті палубада тасымалдауға байланысты ғана

туындаған жүкті жоғалту немесе зақымдау, сондай-ақ тапсыруды кідірту үшін жауапты болады және оның жауапкершілік шегі жағдайға байланысты осы Конвенцияның **6-бабының** немесе **8-бабының** ережелеріне сәйкес белгіленеді.

4. Трюмде тасымалдау туралы тікелей келісімге қарамастан жүкті палубада тасымалдау **8-бап** мағынасында тасымалдаушының іс-әрекеті немесе қателігі ретінде қаралады.

10-бап. Тасымалдаушының және нақты тасымалдаушының
жауапкершілігі

1. Тасымалдауды немесе оның бөлігін жүзеге асыру нақты тасымалдаушыға тапсырылған жағдайда, егер бұған теңіз арқылы жүк тасымалдау шартының талаптары бойынша жол берілсе де, осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес сонда да тасымалдаушы бүкіл тасымал үшін жауапты болып қалады. Нақты тасымалдаушы жүзеге асырған тасымалға қатысты тасымалдаушы нақты тасымалдаушының және өздерінің қызметтік міндеттері шегінде әрекет еткен оның қызметшілері мен агенттерінің іс-әрекеттері мен қателіктері үшін жауапты болады.

2. Тасымалдаушының жауапкершілігін реттейтін осы Конвенцияның барлық ережелері нақты тасымалдаушы жүзеге асырған тасымал үшін оның жауапкершілігіне қатысты да қолданылады. **7-баптың 2 және 3-тармақтарының** және **8-баптың 2-тармағының** ережелері нақты тасымалдаушының қызметшісіне немесе агентіне талап-қуыным қойылған жағдайда қолданыла алады.

3. Тасымалдаушы соған сәйкес осы Конвенцияда көзделмеген міндеттемелерді өзіне алатын немесе осы Конвенцияда ұсынылатын құқықтардан бас тартатын кез келген арнайы келісім, егер тасымалдаушы тікелей білдіру арқылы және жазбаша түрде онымен келіскен жағдайда ғана нақты тасымалдаушыға тарайды. Нақты тасымалдаушының осындай келісімінің болуына немесе болмауына қарамастан, тасымалдаушы сонда да міндеттеріне немесе осындай арнайы келісімнен туындайтын құқықтардан бас тартуына тәуелді болып қалады.

4. Тасымалдаушы да, нақты тасымалдаушы да жауапты болатын жағдайлар мен шамада олардың жауапкершілігі ортақ болып табылады.

5. Тасымалдаушыдан, нақты тасымалдаушыдан және олардың қызметшілері мен агенттерінен өндіріп алынуы мүмкін сомалар жиынтығында осы Конвенцияда көзделген жауапкершілік шектерінен аспауы тиіс.

6. Осы бапта еш нәрсе де тасымалдаушы мен нақты тасымалдаушы арасындағы қарым-қатынастағы қандай да болмасын кері талап ету құқығын кемітпейді.

11-бап. Толассыз тасымалдар

1. **10-баптың 1-тармағының** ережелеріне қарамастан теңіз арқылы тасымалдау шартында көрсетілген шартпен қамтылған тасымалдың нақты бір бөлігін тасымалдаушы емес, басқа белгілі бір тұлға жүзеге асыруы тиіс екендігі көзделген жағдайда, тасымалдаудың осындай бөлігі барысында жүк нақты тасымалдаушының

қарамағында болған уақытта орын алған жағдайлардан туындаған жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту үшін тасымалдаушы жауапты болмайды. Дегенмен, егер **21-баптың 1** және **2-тармақтарының** негізінде құзыретті қандай да болмасын сотта нақты тасымалдаушыға қарсы сот тексеруі қозғалмайтын болса, осындай жауапкершілікті шектейтін және жоятын кез келген шарттың күші болмайды. Жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту осындай жағдайдан туындағанын дәлелдеу т а с ы м а л д а у ш ы ғ а жү к т е л е д і .

2. Нақты тасымалдаушы **10-баптың 2-тармағының** ережелеріне сәйкес жүк оның қарамағында болған уақытта орын алған жағдайлардан туындаған жоғалту, зақымдану немесе тапсыруды кідірту үшін жауапты болады.

III бөлім. Жүкжөнелтушінің жауапкершілігі

12 - б а п

Ж а л п ы е р е ж е

Жүкжөнелтуші тасымалдаушы немесе нақты тасымалдаушы тартқан залал үшін немесе кемеге келтірілген зақымдану үшін, егер осындай залал немесе зақымдану жүкжөнелтушінің, оның қызметшілері немесе агенттерінің кінәсінен болмаса жауапты болмайды. Жүкжөнелтушінің қызметшісі немесе агенті де осындай залал немесе зақымдану үшін, егер залал немесе зақымдану оның тарапынан болған кінәден туындамаса жауапты болмайды.

13-бап.

Қауіпті жүк туралы арнайы ереже

1. Жүкжөнелтуші қауіпті жүкті қауіпті жүк ретінде таңбалауы немесе қолайлы ә д і с п е н б е л г і л е у і т и і с .

2. Жүкжөнелтуші қауіпті жүкті тасымалдаушыға немесе нақты тасымалдаушыға тапсырғанда, жағдайға байланысты жүкжөнелтуші оны жүктің қауіпті сипаты туралы және егер қажет болса қабылдануы тиіс сақтық шаралары туралы хабардар етуі тиіс. Егер жүкжөнелтуші мұны жасамаса, ал осындай тасымалдаушы немесе осындай нақты тасымалдаушы жүктің қауіпті сипаты туралы өзге әдіспен хабардар етілмесе, онда:

а) осындай жүкті арту нәтижесінде туындаған залал үшін тасымалдаушының және кез келген нақты тасымалдаушының алдында жүкжөнелтуші жауапты болады, және

б) жағдай талап етуі мүмкін болса, жүк кез келген уақытта өтемақы төленбей түсірілуі, жойылуы немесе залалсыздандырылуы мүмкін.

3. Бір де бір тұлға, егер ол жүктің қауіпті сипаты туралы біле тұра, оны тасымалдау уақытында өзінің қарамағына қабылдаса, осы баптың 2-тармағының ережелеріне с і л т е м е ж а с а й а л м а й д ы .

4. Осы баптың 2-тармағы б) тармақшасының ережелері қолданылмаған немесе оларға сілтеме жасауға болмайтын жағдайларда, егер қауіпті жүк шындығында өмір мен мүлік үшін қауіпті бола бастаса, жалпы авария бойынша шығындарды жабуға қатысу жөніндегі міндеттемелер күшінде болған немесе тасымалдаушы **5-баптың** ережелеріне сәйкес жауапты болған жағдайлардан басқа кезде, жүк жағдай талап еткендей өтемақы төлемей түсірілуі, жойылуы немесе залалсыздандырылуы мүмкін.

IV бөлім. Көліктік құжаттар

14-бап.

Коносамент беру

1. Тасымалдаушы немесе нақты тасымалдаушы жүкті өз қарамағына қабылдағанда, жүкжөнелтушінің талабы бойынша тасымалдаушы жүкжөнелтушіге коносамент беруі тиіс.

2. Коносаментке тасымалдаушы өкілеттік берген тұлға қол қоя алады. Жүк тасымалданатын кеме капитаны қол қойған коносамент тасымалдаушы атынан қол қойылған болып есептеледі.

3. Коносаменттегі қол, егер бұл коносаментті беретін елдің заңына қайшы келмесе қолмен жасалуы, факсимиле түрінде басылуы, перфорациялануы, мөртаңба көмегімен, белгілер түрінде немесе өзге де механикалық немесе электрондық құралдардың көмегімен қойылуы мүмкін.

15-бап.

Коносаменттің мазмұны

1. Коносаментке атап айтқанда мынадай деректер енгізілуі тиіс:

a) жүктің жалпы сипаты, жүкті біріздендіру үшін қажет негізгі маркалар, тиісті жағдайларда жүктің қауіпті сипаты туралы тікелей нұсқау, орындар немесе заттар саны және өзге әдіспен белгіленген жүктің салмағы мен оның саны, әрі бұл деректердің барлығы жүкжөнелтуші ұсынғандай болып көрсетіледі;

b) жүктің сыртқы жай-күйі;

c) тасымалдаушының атауы және оның коммерциялық кәсіпорны орналасқан жер;

d) жүкжөнелтушінің атауы;

e) егер оны жүкжөнелтуші көрсетсе, жүкжөнелтушінің атауы;

f) теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес тиеу порты және тасымалдаушының жүкті тиеу портында қабылдау күні;

g) теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес түсіру порты;

h) егер олар бірден артық болса, коносамент түпнұсқаларының саны;

i) коносаментті беру орны;

j) тасымалдаушының немесе оның атынан әрекет ететін тұлғаның қолы;

k) жүкжөнелтуші төлеуге жататын мөлшердегі жалдау ақысы немесе жалдау ақысын ол төлеуі тиіс екендігіне өзге де нұсқау;

l) 23-баптың 3-тармағында аталған нұсқау;

m) тиісті жағдайларда жүк палубада тасымалдануы тиіс немесе мүмкін екендігі туралы нұсқау;

n) егер олар талаптармен тікелей келісілсе, жүкті түсіру портында тапсыру күні немесе кезеңі; және

o) 6-баптың 4-тармағына сәйкес осындайлар келісілсе, жауапкершіліктің жоғары шегі немесе шегі.

2. Жүк бортқа тиелгеннен соң, жүкжөнелтуші талап етсе тасымалдаушы жүкжөнелтушіге "борттық" коносамент беруі тиіс, онда осы баптың 1-тармағына

сәйкес талап етілетін деректерге қосымша жүк белгілі бір кеменің немесе кемелердің бортында болатындығы, сондай-ақ тиеу күні немесе күндері көрсетілуі тиіс. Егер тасымалдаушы бұрын жүкжөнелтушіге коносаментті немесе тауарға иелік етудің осы жүкке қатысы бар өзге құжатын берген болса, онда тасымалдаушының өтініші бойынша жүкжөнелтуші осындай құжатты "борттық" коносаментке айырбас ретінде қайтаруы тиіс. Тасымалдаушы жүкжөнелтушінің "борттық" коносаментке қатысты өтінішін бұрын берілген кез келген құжатты толықтыру арқылы, осылай толықтырылған құжат "борттық" коносаментте болуы тиіс барлық деректерді қамтиды деген шартпен қанағаттандыра алады.

3. Осы бапта аталған қандай да болмасын деректердің коносаментте болмауы, оның **1-баптың 7-тармағындағы** талаптарды қанағаттандыруы шартымен, құжаттың коносамент ретіндегі заңдық сипатына әсер етпейді.

16-бап . Коносаменттер: ескертпелер және дәлелдік күші

1. Егер коносаментте жүктің жалпы сипатына, негізгі маркаларына, орындар мен заттар санына, салмағы немесе санына қатысты деректер болса, тасымалдаушы немесе оның атынан коносамент беретін тұлға олардың шын мәнінде қабылданғанға, ал "борттық" коносамент берген жағдайда - тиелген жүкке сәйкес келмейтіндігін білсе немесе күдіктенуге жеткілікті негізі болса, не осындай деректерді тексеруге оның орынды мүмкіндігі болмаса, тасымалдаушы немесе осындай басқа тұлға осы дәлсіздіктерді, күдіктену негіздерін немесе тексеруге орынды мүмкіндіктердің болмауын көрсететін ескертпені коносаментке енгізуі тиіс.

2. Егер тасымалдаушы немесе оның атынан коносаментті беретін басқа тұлға коносаментте жүктің сыртқы жай-күйін көрсетпесе, ол коносаментте жүктің сыртқы жай-күйін жақсы деп көрсетті деп есептеледі.

3. Оларға қатысты және осы баптың 1-тармағына сәйкес рұқсат етілген ескертпе енгізілген шамадағы деректерден басқа:

а) коносамент **prima facie** тәсілдің, ал "борттық" коносамент берілген жағдайда - жүкті тасымалдаушы коносаментте сипатталғандай тиегенінің дәлелдемесі болып табылады ; және

б) егер коносамент онда көрсетілген жүк сипаттамасына сүйене отырып адал әрекет еткен үшінші тарапқа, жүк алушыны қоса алғанда, берілсе тасымалдаушының керіні дәлелдеуіне жол берілмейді.

4. 15-баптың 1-тармағының **к) тармақшасында** көзделгендей жалдау ақысына нұсқау немесе жалдау ақысын жүк алушы төлеуі тиіс екендігіне нұсқау енгізілмеген, немесе тиеу портында туындаған жүк алушы төлеуге жататын демерредж көрсетілмеген коносамент жүк алушының ешқандай да жалдау ақысын немесе демерреджді төлеуі тиіс емес екендігінің дәлелдемесі болып табылады. Дегенмен, егер

коносамент онда көрсетілген кез келген осындай нұсқаудың болмауына сүйене отырып адал әрекет еткен үшінші тарапқа, жүк алушыны қоса алғанда, берілсе тасымалдаушының керіні дәлелдеуіне жол берілмейді.

17-бап. Жүкжөнелтушінің кепілдіктері

1. Жүктің жалпы сипатына, оның маркаларына, орын санына, салмағы мен санына қатысты коносаментке енгізу үшін тасымалдаушы ұсынған деректердің нақтылығына жүкжөнелтуші кепілдік береді деп есептеледі. Жүкжөнелтуші тасымалдаушыға осы деректердің нақты болмауы нәтижесіндегі залалды өтеуі тиіс. Жүкжөнелтуші, ол коносаментті берген жағдайда да жауапты болып қалады. Тасымалдаушының осындай өтеуге ие болу құқығы, оның жүкжөнелтушіден өзге тұлға алдындағы теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша жауапкершілігін ешқандай да шектемейді.

2. Тасымалдаушының немесе оның атынан әрекет ететін тұлғаның коносаментке енгізу үшін жүкжөнелтуші ұсынған деректерге қатысты ескертпесіз коносамент беруінен туындайтын залалды жүкжөнелтушінің тасымалдаушыға өтеуін міндеттейтін кез келген кепілдік хат немесе келісім, осы коносамент берілген кез келген үшінші тарапқа, жүк алушыны қоса алғанда, қатысты жарамсыз болып табылады.

3. Егер тасымалдаушы немесе оның атынан әрекет ететін тұлға осы баптың 2-тармағында айтылған ескертпені жасамай, жүктің коносаментте берілген сипаттамасына сүйене отырып әрекет ететін үшінші тарапты, жүк алушыны қоса алғанда, алдауға ниеттенбесе ғана, осындай кепілдік хат немесе келісім жүкжөнелтушіге қатысты жарамды болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген қасақана алдау жағдайында тасымалдаушы осы Конвенцияда көзделген жауапкершілікті шектеу құқығын пайдаланбай, ол жүктің коносаментте берілген сипаттамасына сүйене отырып әрекет өткендіктен үшінші тарап, жүк алушыны қоса алғанда, тартқан залал үшін жауапты болады.

18-бап. Коносаменттерден өзге басқа құжаттар

Тасымалдаушы тасымалдауға арналған жүкті алғанын растау ретінде коносаменттен өзге құжат бергенде, осындай құжат теңіз арқылы тасымалдау шартын жасасудың **prima facie** және тасымалдаушы жүкті осы құжатта сипатталғандай етіп қабылдағандығының дәлелі болып табылады.

V бөлім. Талаптар мен талап-қуынымдар

19-бап. Жоғалту, зақымдану немесе тапсырудағы кідірту туралы х а б а р л а м а

1. Осындай жоғалту немесе зақымданудың жалпы сипатын нақты көрсететін жоғалту немесе зақымдану туралы хабарламаны жүк алушы тасымалдаушыға, жүкті жүк алушыға тапсыру күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда жасамаса, осындай тапсыру тасымалдаушының жүкті көліктік құжаттардағы сипаттамаға сәйкес **prima facie** немесе осындай құжат берілмесе, жақсы жай-күйде

тапсырғандығының дәлелі болып табылады.

2. Егер жоғалту немесе зақымдану айқын болып табылмаса, осы баптың 1-тармағының ережелері тиісінше қолданылады, егер жүк алушыға жүк тапсырылған күннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде хабарлама жазбаша нысанда жасалмаса.

3. Егер тапсыру кезінде жүкті тараптар бірлесіп қараса немесе тексерсе, осындай қарау немесе тексеру уақытында анықталған жоғалту немесе зақымдануға қатысты жазбаша нысандағы хабарлама талап етілмейді.

4. Нақты немесе болжанатын қандай да болмасын жоғалту немесе зақымдану жағдайында тасымалдаушы мен жүк алушы бір-біріне жүкті тексеру мен санау үшін барлық орынды мүмкіндіктерді ұсынады.

5. Егер жүк алушыға жүк тапсырылған күннен кейін 60 күнтізбелік күн ішінде тасымалдаушыға жазбаша нысанда хабарлама жасалмаса, тапсырудағы кідіртуден туындаған залал үшін ешқандай да өтемақы төленуге жатпайды.

6. Егер жүкті нақты тасымалдаушы тапсырса, осы баптың негізінде оған жасалған кез келген хабарламаның, ол тасымалдаушыға жасалғандай күші болады, және де тасымалдаушыға жасалған кез келген хабарламаның, ол нақты тасымалдаушыға жасалғандай күші болады.

7. Осы залалдың немесе зақымданудың жалпы сипатын көрсететін залал немесе зақымдану туралы хабарламаны тасымалдаушы немесе нақты тасымалдаушы жүкжөнелтушіге осындай залал немесе зақымдану туындағаннан кейін немесе **4-баптың 2-тармағына** сәйкес жүкті тапсырғаннан кейін, қайсысының кеш болғанына байланысты, 90 күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша нысанда жасамаса, хабарламаның болмауы жүкжөнелтушінің, оның қызметшілері мен агенттерінің кінәсі бойынша тасымалдаушының немесе нақты тасымалдаушының ешқандай залал тартпағандығының **prima facie** дәлелі болып табылады.

8. Осы баптың мақсаттары үшін тасымалдаушының немесе нақты тасымалдаушының атынан әрекет ететін тұлғаға, кеменің капитанын немесе командалық құрамының мүшелерін қоса алғанда, не жүкжөнелтушінің атынан әрекет ететін тұлғаға жасалған хабарлама тиісінше тасымалдаушыға, нақты тасымалдаушыға немесе жүкжөнелтушіге жасалған болып есептеледі.

20-бап. Талап-қуыным мерзімінің өтуі

1. Осы Конвенция бойынша жүк тасымалдаумен байланысты кез келген талап, егер екі жыл ішінде соттың немесе төрелік соттың қарауы басталмаса, талап-қуыным мерзімінің өтуімен өтеледі.

2. Талап-қуынымның өту мерзімі тасымалдаушы жүкті немесе оның бөлігін тапсырғанда, немесе жүк мүлдем тапсырылмаған жағдайларда - жүк тапсырылуы тиіс соңғы күні басталады.

3. Талап-қуынымның өту мерзімі басталатын күн бұл мерзімге енгізілмейді.

4. Талап ұсынылған тұлға талап-қуынымның өту мерзімі ішінде кез келген уақытта

талапты ұсынушыға жазбаша нысанда өтініш жасау арқылы осы мерзімді ұзарта алады. Бұл мерзім басқа өтініш немесе өтініштер арқылы ұзартылуы мүмкін.

5. Өтеу туралы талапты, тіпті алдыңғы тармақтарда көзделген талап-қуынымның өту мерзімі өтіп кетсе де, егер ол тексеру қозғалған мемлекеттің заңы бойынша берілген мерзім шегінде ұсынылса, жауапты болып танылған кез келген тұлға ұсына алады. Дегенмен осы берілетін мерзім талапты ұсынатын тұлға талапты өтеген немесе оның өзіне қарсы іс қозғалғаны туралы шақыру қағазын алған күннен бастап 90 күннен аспауы тиіс.

21 - б а п .

З а ң д ы қ и е л і к

1. Осы Конвенция негізінде жүк тасымалдаумен байланысты сот ісі жүргізілген жағдайда талапкер өз қалауы бойынша сот мемлекетінің заңына сәйкес құзыретті болып табылатын және мына орындардың бірі:

а) негізгі коммерциялық кәсіпорны немесе осындай болмағанда, тасымалдаушының тұрақты тұратын орны, немесе

б) жауапкердің онда коммерциялық кәсіпорны, бөлімшесі немесе агенттігі болған, шарт сол арқылы жасалған жағдайда, шартты жасасу орны, немесе

с) тиеу порты немесе түсіру порты, немесе

д) осы мақсатта теңіз арқылы тасымалдау шартында көрсетілген кез келген қосымша орын соның заңдық иелігі шегінде болатын сотқа арыздана алады.

2. а) Осы баптың алдыңғы ережесіне қарамастан, жүкті тасымалдаған кеме немесе сол меншік иесінің кез келген басқа кемесі Уағдаласушы мемлекет құқығының немесе халықаралық құқықтың қолданылатын нормаларына сәйкес тұтқындалуы мүмкін, осы мемлекеттің кез келген портының немесе орнының соттарында талап-қуыным берілуі мүмкін. Дегенмен осындай жағдайда жауапкердің өтінуі бойынша талапты ұсынатын тұлға талап-қуынымды ез қалауы бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген соттардың біріне ауыстыруы тиіс; дегенмен талап-қуыным осындай ауыстыруға дейін жауапкер сот шешімін төлеуді қамтамасыз ету үшін жеткілікті кепілдіктерді ұсынуы тиіс, ол кейіннен осы талап-қуыным бойынша талапты мәлімдеген тұлғаның пайдасына шығарылуы мүмкін;

б) қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне немесе басқа да тұрғысына қатысты барлық мәселелерді порт соты немесе тұтқындау орны белгілейді.

3. Осы Конвенция негізінде тасымалдаумен байланысты ешқандай да сот тексерулері осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілмеген қандай да болмасын орында қозғалуы мүмкін емес. Осы тармақтың ережелері алдын алу немесе қамтамасыз ету сипатындағы шараларға қатысты Уағдаласушы мемлекеттердің заңдық иелігін жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

4. а) Талап-қуыным осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес құзыретті болып табылатын сотқа берілген немесе осындай сот шешім шығарған жағдайларда, бірінші талап-қуыным ұсынылған сот шешімі жаңа тексеру басталған елде орындалуға

жатпайтын жағдайлардан басқа кезде, сол тараптар арасында сол негіз бойынша жаңа талап-қуынымға жол берілмейді;

б) осы баптың мақсаттары үшін сот шешімін орындау бойынша шаралар қабылдау жаңа талап-қуыным ұсыну болып есептелмейді;

с) осы баптың мақсаттары үшін талап-қуынымды сол ел шегінде басқа сотқа немесе басқа елдің сотына ауыстыру осы баптың **2(а)-тармағына** сәйкес жаңа талап-қуыным ұсыну болып есептелмейді.

5. Алдыңғы тармақтардың ережелеріне қарамастан теңіз арқылы тасымалдау шартынан туындайтын талап пайда болғаннан кейін талаптар жасасқан және онда талапты мәлімдеген тұлға талап-қуынымды ұсына алатын орын белгіленген кез келген келісімнің күші болады.

22 - б а п . Т ө р е л і к т е к с е р у

1. Осы баптың ережелері сақталған жағдайда тараптар жазбаша нысанда расталған келісім арқылы осы Конвенция негізінде жүк тасымалдауға байланысты туындауы мүмкін кез келген дау төрелік сотқа берілуі тиіс екендігін көздей алады.

2. Чартерде онымен байланысты даулар төрелік сотқа берілуге жататындығы туралы ереже болса, ал чартерге сәйкес берілген коносаментте осындай ереженің коносамент ұстаушы үшін міндетті екендігі туралы арнайы белгі болмаса, тасымалдаушы осындай ережені осы коносаментті адал сатып алған ұстаушыға қарсы қолдана алмайды.

3. Төрелік тексеру өтініш берушінің қалауы бойынша мына орындардың бірінде:

а) аумағында мыналар:

i) жауапкердің негізгі коммерциялық кәсіпорны немесе осындай болмаған кезде жауапкердің тұрақты мекен-жайы; немесе

ii) жауапкердің онда сол арқылы шарт жасалған коммерциялық кәсіпорны, бөлімшесі немесе агенттігі бар болған жағдайда, шарт жасалған орын; немесе

iii) тиеу порты немесе түсіру порты орналасқан мемлекеттің кез келген орнында;

б) осы мақсатпен төрелік сот ескертпесінде немесе келісімде көрсетілген кез келген орында жүргізіледі.

4. Төреші немесе төрелік сот осы Конвенцияның ережелерін қолдануға міндетті.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелері кез келген төрелік сот ескертпесінің немесе келісімнің құрамдас бөлігі болып есептеледі және осындай ескертпенің немесе келісімнің осы ережелермен үйлеспейтін кез келген шарты болмашы болып табылады.

6. Осы бапта ештеңе де теңіз арқылы тасымалдау шартынан талап туындағаннан кейін тараптар жасасқан төрелік сот туралы келісімнің шынайылығын қозғамайды.

VI бөлім. Қосымша ережелер

23 - б а п . Ш а р т т ы қ т а л а п т а р

1. Теңіз арқылы тасымалдау шартындағы немесе коносаменттегі немесе теңіз

арқылы тасымалдау туралы шартты растайтын кез келген басқа құжаттағы кез келген талап, ол осы Конвенция ережелеріне тікелей немесе жанама қайшы келетін дәрежеде болмашы болып табылады. Осындай талаптың жарамсыздығы шарттың немесе ол бір бөлігі болып табылатын құжаттың басқа ережелерінің жарамдылығын қозғамайды. Жүкті сақтандыру құқықтарын тасымалдаушы пайдасына беру туралы ескертпе немесе осыған ұқсас кез келген ескертпе болмашы болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан тасымалдаушы осы Конвенция бойынша өзінің жауапкершілігі мен міндеттемелерін өсіре алады.

3. Теңіз арқылы тасымалдау шартын растайтын коносамент немесе кез келген басқа құжат берілетін жағдайларда, оған тасымал осы Конвенцияның ережелерімен реттелетіндігі туралы нұсқау енуі тиіс, олар осы ережелерге қайшы келетін кез келген талапты жүкжөнелтушіге немесе жүк алушыға қарсы заңдық иеліктен айырады.

4. Жүк бойынша талап ұсынған тұлға осы бапқа сәйкес болмашы болып табылатын шартқа байланысты немесе осы баптың 3-тармағында айтылған нұсқаудың болмауы нәтижесінде залал шеккен жағдайда, осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес осы тұлғаға кез келген жүк шығынын немесе зақымдануын, сондай-ақ тапсырудағы кідіртуді өтеу үшін тасымалдаушы талап етілген мөлшерде өтемақы төлеуі тиіс. Бұдан басқа, жоғарыда баяндалған ереженің негізіндегі талап-қуынымға байланысты тартқан шығындар тексеру қозғалған мемлекеттің заңына байланысты анықталады деген шартпен, осы тұлғаның өз құқығын жүзеге асыру мақсатында тартқан шығындарын тасымалдаушы өтеуі тиіс.

24 - б а п .

Ж а л п ы а в а р и я

1. Осы Конвенцияда ештеңе де жалпы авария бойынша шығындарды бөлуге қатысты теңіз арқылы тасымалдау шартының немесе ұлттық құқықтың ережелерін қолдануға кедергі келтірмейді.

2. Осы Конвенцияның 20-бабынан басқа, тасымалдаушының жүктің жоғалуы немесе зақымдалуы үшін жауапкершілігіне қатысты ережелері, сондай-ақ жүкжөнелтушінің жалпы авария бойынша жарнаны төлеуден бас тарту мүмкіндігін және тасымалдаушының жүк алушыға осындай жарнаны немесе құтқару жөніндегі шығыстарды толтыру міндетін де белгілейді.

25 - б а п .

Б а с қ а к о н в е н ц и я л а р

1. Осы Конвенция теңіз кемелері иелерінің жауапкершілігін шектеу мәселелері жөнінде халықаралық конвенциялар мен ұлттық заңнамада көзделген тасымалдаушының, нақты тасымалдаушының және олардың қызметшілері мен агенттерінің құқықтарын немесе міндеттерін өзгертпейді.

2. Осы Конвенцияның 21 және 22-баптарының ережелері осы Конвенция күніне қолданыста болатын, көрсетілген баптарда реттелетін мәселелерге қатысы бар қандай да болмасын басқа кеп жақты конвенцияның императивтік ережелерін қолдануға, осындай басқа конвенцияға мүше мемлекеттерде негізгі коммерциялық кәсіпорындары

бар тараптар арасында ғана дау туындайды деген шартпен, кедергі келтірмейді. Дегенмен, осы тармақ осы Конвенцияның 22-бабының 4-тармағын қолдануды қ о з ғ а м а й д ы .

3. Осы Конвенцияның ережелері негізінде, егер оператор осындай залал үшін жауапты болса, ядролық қақтығыспен келтірілген залал үшін мыналарға сәйкес:

а) Ядролық энергия саласындағы үшінші тұлғалардың жауапкершілігі туралы 1960 жылғы 29 шілдедегі Париж конвенциясына, 1964 жылғы 28 мамырдағы Қосымшаға хаттамада қамтылған оған түзетулермен бірге, не Ядролық залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы 1963 жылғы 21 мамырдағы Вена конвенциясына сәйкес, немесе

б) осындай заңнама барлық жағынан да залал тартқан тұлғалар үшін Париж немесе Вена конвенциялары сияқты қолайлы болады деген шартпен, осындай залал үшін жауапкершілікті реттейтін ұлттық заңнамаға сәйкес ешқандай жауапкершілік т у ы н д а м а й д ы .

4. Осы Конвенция ережелерінің негізінде, теңіз арқылы жолаушыларды немесе олардың багажын тасымалдауға қатысты қандай да болмасын халықаралық конвенцияға немесе ұлттық заңнамаға сәйкес тасымалдаушы жауапты болатын багажды жоғалту, зақымдау немесе тапсыруда кідірту үшін ешқандай да жауапкершілік т у ы н д а м а й д ы .

5. Осы Конвенцияда ештеңе де осы Конвенция күніне қолданыста болған және негізінен теңіздік емес көлікпен жүк тасымалдау шартына императивтік әдіспен қолданылатын қандай да болмасын басқа халықаралық конвенцияны Уағдаласушы мемлекеттердің қолдануына кедергі болмайды. Осы ереже сондай-ақ, осындай халықаралық конвенцияны кез келген қайта қарау немесе өзгертуге қатысты да қолданылады.

26-бап.

Есеп айырысу бірлігі

1. Осы Конвенцияның 6-бабында айтылған есеп айырысу бірлігі Халықаралық валюта қоры белгілегендей "пайдаланудың арнайы құқығының" бірлігі болып табылады. 6-бапта көрсетілген сомалар сот шешімі күніне немесе тараптар келіскен күнге осы валюта құнына сәйкес мемлекеттің ұлттық валютасына аударылады. Халықаралық валюта қорына мүше болып табылатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық валютасы "пайдаланудың арнайы құқығының" бірлігімен берілген құны Халықаралық валюта қоры оның өз операциялары мен есептесулері үшін тиісті күнге қолданатын құн белгілеу әдісіне сәйкес есептеледі. Халықаралық валюта қорына мүше болып табылмайтын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық валютасынан "пайдаланудың арнайы құқығының" бірлігімен берілген құны осы мемлекет белгілеген әдіске сәйкес е с е п т е л е д і .

2. Дегенмен Халықаралық валюта қорына мүше болып табылмайтын және заңнамалары осы баптың 1-тармағының ережелерін қолдануға мүмкіндік бермейтін мемлекеттер қол қою уақытында, не ратификациялау, қабылдау, бекіту және қосылу

уақытында, не осыдан кейінгі кез келген уақытта осы Конвенцияда көзделген және олардың аумақтарында қолданылатын жауапкершілік шектері орын немесе артудың басқа бірлігі үшін 12 500 валюталық бірлік немесе жүктің брутто салмағының бір килограммы үшін 37,5 валюталық бірлік мөлшерінде белгіленетіндігін мәлімдей алады.

3. Осы баптың 2-тармағында айтылған валюталық бірлік мыңнан тоғыз жүз сынамадағы алтынның алпыс бес жарым миллиграммына сәйкес келеді. 2-тармақта айтылған сомаларды ұлттық валютаға ауыстыру тиісті мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. **1-тармақтың** соңғы сөйлемінде айтылған есептеу және осы баптың 3-тармағында айтылған ауыстыру **6-бапта** көрсетілген, осы бапта есеп айырысу бірлігімен көрсетілген сомалардың нақты құлдылығы мүмкіндігінше Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық валютасымен көрсететіндей етіп жүзеге асырылады. Уағдаласушы мемлекеттер депозитарийге осы баптың 1-тармағына сәйкес есептеу әдісін, немесе өзінің ратификациялық грамоталарын, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсырған кезде, не осы баптың 2-тармағында көзделген таңдау құқығын пайдалану кезінде тиісті жағдайда және бұдан кейін осындай әдісте немесе ауыстыру нәтижесінде өзгеріс болған әрбір жағдайда осы баптың 3-тармағында айтылған ауыстыру нәтижесін хабарлайды.

VII бөлім. Қорытынды ережелер

27 - б а п .

Д е п о з и т а р и й

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осымен осы Конвенцияның депозитарийі болып тағайындалады.

28-бап. Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту, қосылу

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде, Нью-Йоркта, 1979 жылғы 30 сәуірге дейін барлық мемлекеттердің қол қою үшін ашық.

2. Осы Конвенция оған қол қойған мемлекеттердің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады.

3. 1979 жылғы 30 сәуірден кейін осы Конвенция оған қол қоймаған барлық басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық болады.

4. Ратификациялық грамоталар, қабылдау, бекіту және қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

29 - б а п .

Е с к е р т п е л е р

Осы Конвенцияға ешқандай да ескертпелер жасауға болмайды.

30 - б а п .

К ү ш і н е е н у і

1. Осы Конвенция жиырманшы ратификациялық грамота немесе қабылдау, бекіту және қосылу туралы құжат сақтауға тапсырылған күннен кейін бір жыл өткен соң айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияның Уағдаласушы мемлекеті болатын әрбір мемлекет үшін жиырманшы ратификациялық грамота немесе қабылдау, бекіту және қосылу туралы

құжат сақтауға тапсырылған күннен кейін, осы мемлекет атынан тиісті құжатты сақтауға тапсырған соң бір жыл өткеннен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап осы Конвенция күшіне енеді.

3. Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы Конвенцияның ережелерін, бұл мемлекетке қатысты осы Конвенция күшіне енген күні немесе күннен кейін жасалған теңіз арқылы тасымалдау шартына қолданады.

31-бап. Басқа конвенциялардың күшін жою

1. Брюссельде 1924 жылғы 25 тамызда қол қойылған, Коносаменттерге қатысты кейбір ережелерді біріздендіруге арналған Халықаралық конвенцияның (1924 жылғы Конвенция) тарабы болып табылатын кез келген мемлекет үшін, осы Конвенцияның Уағдаласушы тарабы бола отырып, 1924 жылғы Конвенцияның депозитаріі ретінде Бельгия үкіметін осы мемлекетке қатысты осы Конвенция күшіне енген күннен бастап, осы күшін жою күшіне енетіндігі туралы өтінішпен көрсетілген Конвенцияның күшін жою тындығын хабарлайды.

2. Осы Конвенция күшіне енгеннен соң 30-баптың 1-тармағына сәйкес осы Конвенцияның депозитаріі 1924 жылғы Конвенцияның депозитаріі ретінде Бельгия үкіметін осындай күшіне ену күні туралы хабардар етеді және соларға қатысты осы Конвенция күшіне енген Уағдаласушы мемлекеттердің тізімін хабарлайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Брюссельде 1924 жылғы 25 тамызда қол қойылған, Коносаменттерге қатысты кейбір ережелерді біріздендіруге арналған Халықаралық конвенцияға Түзетулер туралы хаттамаға, 1968 жылғы 23 ақпанда қол қойылған, қатысушы мемлекеттерге қатысты қолданылады.

4. Осы Конвенцияның 2-бабына қарамастан, осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін Уағдаласушы мемлекет, егер осыны дұрыс деп есептесе, 1924 жылғы Конвенцияның және 1968 жылғы Хаттамамен оған енгізілген түзетулермен бірге 1924 жылғы Конвенцияның күшін жоюды осы Конвенция күшіне енген күннен бастап ең көп дегенде бес жыл мерзімге кейінге қалдыра алады. Бұл жағдайда ол өзінің ниеті туралы Бельгия үкіметін хабардар етеді. Ауыспалы кезең ішінде ол Уағдаласушы мемлекеттерге қатысты осы Конвенцияны ғана қолдануы тиіс.

32-бап. Қайта қарау және түзетулер енгізу

1. Осы Конвенцияның Уағдаласушы мемлекеттерінің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша депозитарий оны қайта қарау және оған түзетулер енгізу үшін Уағдаласушы мемлекеттердің конференциясын шақырады.

2. Осы Конвенцияға түзетулер күшіне енгеннен кейін сақтауға тапсырылған кез келген ратификациялық грамота немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы кез келген құжат, оған енгізілетін түзетулермен бірге Конвенцияға жатады деп есептеледі.

33-бап. Шектеу немесе есеп айырысу бірліктерінің немесе валюта бірліктерінің сомаларын қайта қарау

1. 32-баптың ережелеріне қарамастан 6-бапта және 26-баптың 2-тармағында

белгіленген сомаларды қайта қарау, немесе 26-баптың 1 және 3-тармақтарында белгіленген бір немесе екі бірлікті де басқа бірліктермен ауыстыру мақсатындағы конференцияны депозитарий осы баптың 2-тармағына сәйкес шақырады. Сомаларды қайта қарау олардың нақты құндылығы айтарлықтай өзгеру салдарында ғана жүргізіледі.

2. Қайта қарау туралы конференцияны депозитарий мұны Уағдаласушы мемлекеттердің кемінде төрттен бірі сұрағанда шақыруы тиіс.

3. Конференцияның кез келген шешімін қатысатын мемлекеттердің үштен екісі түріндегі көпшілік қабылдауы тиіс. Депозитарий түзету туралы барлық Уағдаласушы мемлекеттерге қабылдау үшін және Конвенцияға қол қойған барлық мемлекеттерге ақпарат үшін хабарлайды.

4. Кез келген бекітілген түзету, оны Уағдаласушы мемлекеттердің үштен екісі қабылдағаннан кейін бір жыл өткен соң айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді. Қабылдау, бұл туралы ресми құжатты депозитарийге сақтауға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

5. Түзету күшіне енгеннен кейін осы түзетуді қабылдаған Уағдаласушы мемлекет, түзету бекітілген соң алты ай ішінде өзін осы түзетуге тәуелді деп есептейтіндігі туралы депозитарийді хабардар етпесе, Конвенцияны оған енгізілген түзетулермен бірге Уағдаласушы мемлекеттермен қарым-қатынастарда қолдануға құқылы.

6. Осы Конвенцияға түзету күшіне енгеннен кейін сақтауға тапсырылған кез келген ратификациялық грамота және қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы кез келген құжат, оған енгізілген түзетулермен бірге Конвенцияға жатқызылады деп есептеледі.

34 - б а п .

К ү ш і н ж о ю

1. Уағдаласушы мемлекет депозитарийге жазбаша хабарлама жолдау арқылы кез келген уақытта осы Конвенцияның күшін жоя алады.

2. Күшін жою депозитарий осындай хабарламаны алғаннан кейін бір жыл өткеннен соң айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді. Егер хабарламада бұдан ұзағырақ мерзім көрсетілсе, күшін жою депозитарий осындай хабарламаны алған соң осы мерзім өткеннен кейін күшіне енеді.

Гамбургте, бір мың тоғыз жүз жетпіс сегізінші жылғы 31 наурызда бір данада жасалды, оның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері түпнұсқасымен бірдей болып табылады.

Осыны куәландыру үшін, өз елдерінің үкіметтерімен тиісті түрде уәкілеттендірілген , төменде қол қойған өкілетті өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

/қолдары/

Б і р і к к е н Ұ л т т а р Ұ й ы м ы н ы ң
т е ң і з а р қ ы л ы ж ү к т а с ы м а л д а у
т у р а л ы к о н ф е р е н ц и я с ы

қабылдаған жалпы уағдаластық

Жалпы уағдаластыққа сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігі осы Конвенцияға сәйкес презумпцияланған кінә қағидатына негізделген. Бұл дәлелдеу ауыртпалығы, әдетте, тасымалдаушыға жүктелетіндігін білдіреді, дегенмен белгілі бір жағдайларда Конвенция ережелері осы ережені өзгертеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының теңіз арқылы жүк тасымалдау туралы 1978 жылғы конвенциясына (Гамбург) қатысушы мемлекеттер тізімі

р/с N	Мемлекет	Қол қою	Ратификациялау Қосылу	Күшіне енуі
1	Австрия	1979 жылғы 30 сәуір	1993 жылғы 29 шілде	1994 жылғы 1 тамыз
2	Барбадос		1981 жылғы 2 ақпан	1992 жылғы 1 қараша
3	Ботсвана		1988 жылғы 16 ақпан	1992 жылғы 1 қараша
4	Бразилия	1978 жылғы 31 наурыз		
5	Буркина Фасо		1989 жылғы 14 тамыз	1992 жылғы 1 қараша
6	Бурунди		1998 жылғы 4 қыркүйек	1999 жылғы 1 қазан
7	Венгрия	1979 жылғы 23 сәуір	1984 жылғы 5 шілде	1992 жылғы 1 қараша
8	Венесуэла	1978 жылғы 31 наурыз		
9	Гана	1978 жылғы 31 наурыз		
10	Гвинея		1991 жылғы 23 қаңтар	1992 жылғы 1 қараша
11	Германия	1978 жылғы 31 наурыз		
12	Грузия		1996 жылғы 21 наурыз	1997 жылғы 1 сәуір
13	Дания	1979 жылғы 18 сәуір		
14	Конго Демократиялық Республикасы	1979 жылғы 19 сәуір		
15	Египет	1978 жылғы 31 наурыз	1979 жылғы 23 сәуір	1992 жылғы 1 қараша
16	Заир	1979 жылғы 19 сәуір		

17	Иордан		2001 жылғы 10 мамыр	2002 жылғы 1 маусым
18	Камерун		1993 жылғы 21 қазан	1994 жылғы 1 қараша
19	Кения		1989 жылғы 31 шілде	1992 жылғы 1 қараша
20	Лесото		1989 жылғы 26 қазан	1992 жылғы 1 қараша
21	Ливан		1983 жылғы 4 сәуір	1992 жылғы 1 қараша
22	Мадагаскар	1978 жылғы 31 наурыз		
23	Малави		1991 жылғы 18 наурыз	1992 жылғы 1 қараша
24	Марокко		1981 жылғы 12 маусым	1992 жылғы 1 қараша
25	Мексика	1978 жылғы 31 наурыз		
26	Нигерия		1988 жылғы 7 қараша	1992 жылғы 1 қараша
27	Норвегия	1979 жылғы 18 сәуір		
28	Танзания Біріккен Республикасы		1979 жылғы 24 шілде	1992 жылғы 1 қараша
29	Пәкістан	1979 жылғы 8 наурыз		
30	Панама	1978 жылғы 31 наурыз		
31	Португалия	1978 жылғы 31 наурыз		
32	Румыния		1982 жылғы 7 қаңтар	1992 жылғы 1 қараша
33	Святейший Престол	1978 жылғы 31 наурыз		
34	Сенегал	1978 жылғы 31 наурыз	1986 жылғы 17 наурыз	1992 жылғы 1 қараша
35	Сент-Винсент және Гренади		2000 жылғы 12 қыркүйек	2001 жылғы 1 қазан
36	Сингапур	1978 жылғы 31 наурыз		
37	Сирия Араб Республикасы		2002 жылғы 16 қазан	2003 жылғы 17 қазан
38	Словак Республикасы	1993 жылғы 28 мамыр		
39	Америка Құрама Штаттары	1979 жылғы 30 сәуір		

40	Сьерра-Леоне	1978 жылғы 15 тамыз	1988 жылғы 7 қазан	1992 жылғы 1 қараша
41	Тунис		1980 жылғы 15 қыркүйек	1992 жылғы 1 қараша
42	Уганда		1979 жылғы 6 шілде	1992 жылғы 1 қараша
43	Филиппин	1978 жылғы 14 маусым		
44	Финляндия	1979 жылғы 18 маусым		
45	Франция	1979 жылғы 18 маусым		
46	Чех Республикасы	1993 жылғы 2 маусым	1995 жылғы 23 маусым	1996 жылғы 1 шілде
47	Чили	1978 жылғы 31 наурыз	1982 жылғы 9 шілде	1992 жылғы 1 қараша
48	Швеция	1979 жылғы 18 сәуір		
49	Эквадор	1978 жылғы 31 наурыз		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК